

Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан
аграрлық-техникалық университеті

Жәңгір хан атындағы БҚАТУ ғалымдарының библиографиясы

**Шамғонов
Әскерғали
Шамғонұлы**

Орал -2016

Жәңгір хан атындағы
Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті
Ғылыми кітапхана

Шамғонов
Әскерғали
Шамғонұлы

Биобиблиографиялық әдебиеттер көрсеткіші

Орал - 2016

УДК: 012:33

ББК: 91:65

Ш 19

Құраст: Кудабаета Г.А., ғылыми кітапхананың сектор жетекшісі

Шығаруға жауапты: Есенаманова А. Б., ғылыми кітапхананың директоры

Шамғонов Әскерғали Шамғонұлы : биобиблиографиялық әдебиеттер көрсеткіші / құраст.: Г. А. Кудабаета, шығ. жауапты А. Б. Есенаманова. - Орал : Жәңгір хан атындағы БҚАТУ, 2016. - 50 б.

Биобиблиографиялық көрсеткіш Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетінің профессоры, экономика ғылымының кандидаты Ә. Ш. Шамғоновқа арналған.

Көрсеткіште жинақталған мәліметтер профессор Ә. Ш. Шамғоновтың ғылыми-педагогикалық және ұстаздық қызметі туралы қысқаша мағлұмат беріліп, өмір жолының негізгі кезеңдері атап көрсетілген. Басылып шыққан ғылыми еңбектері әр жыл көлемінде, ішінде алфавиттік тәртіппен орналастырылған.

Биобиблиографиялық көрсеткіш ғалымдарға, жоғарғы оқу орындарының оқытушылары мен магистранттарына, студенттерге, кітапхана қызметкерлеріне арналады.

Биобиблиографический указатель посвящен профессору Западно-Казахстанского аграрно-технического университета им. Жангир хана, кандидату экономических наук А. Ш. Шамгонову.

Указатель содержит краткий очерк о научной, педагогической, производственной и общественной деятельности профессора А. Ш. Шамгонова, основные даты его жизни и деятельности. Раздел «Список научных трудов» включает все работы ученого с 1972-2015 гг. Расположены в хронологическом порядке, внутри года в алфавитном.

Указатель рассчитан на ученых и специалистов сельского хозяйства, преподавателей и магистрантов, а также студентов и библиотечных работников.

АЛҒЫ СӨЗ

Ұсынылып отырған көрсеткіш «Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті ғалымдарының биобиблиографиясы» сериясының жалғасы болып табылады.

Көрсеткіш экономика ғылымдарының кандидаты, профессор Шамғонов Әскерғали Шамғоновқа арналған.

Биобиблиографиялық көрсеткіште жинақталған материалдар профессор Ә. Ш. Шамғоновтың еңбек және ғылыми-педагогтік қызметтегі жолын қамтиды. Арнайы айдарларда Ә. Ш. Шамғоновтың әріптестері мен жолдастарының естеліктері, ғалымның басшылығымен қорғалған авторефераттар мен магистрлік диссертациялардың тізімі баяндалған. «Ғылыми еңбектер» айдарында ғалымның 1972-2015 аралығында жазылған ғылыми еңбектерінің тізімі берілген. Ғылыми еңбектер мерзімдік тәртіппен реттелген. Ғалымның экономика, есеп ғылымдары саласындағы жазған көптеген ғылыми еңбектері ауыл шаруашылық өндірісінде, оқытушылар мен студенттер арасында кеңінен пайдалануда.

Көрсеткішті құрастыру барысында Жәңгір хан атындағы БҚАТУ-нің ғылыми кітапханасындағы каталогтар мен картотекалар пайдаланылды.

Биобиблиографиялық көрсеткіш ғылыми қызметкерлерге, магистранттарға, ауыл шаруашылық мамандарына, оқытушылар мен студент қауымына арналады.

Мәліметтер 2016 жылдың қаңтар айына дейін жинақталған.

Предисловие

Имя ученого Аскергали Шамгоновича Шамгонова вошло в историю Западно-Казахстанского аграрно-технического университета имени Жангир хана и экономической науки Казахстана. Его труды в области экономики и учета, организации сельскохозяйственного производства в условиях рыночной экономики востребованы студентами и молодыми учеными нескольких поколений.

Указатель открывается кратким очерком о научной, научно-организационной и общественной деятельности А. Ш. Шамгонова. В специальной рубрике даны описания авторефератов и магистерских диссертаций, выполненных и защищенных под руководством А. Ш. Шамгонова. Раздел “Список научных трудов” включает все работы ученого с 1972 по 2015гг. Работы расположены в хронологическом порядке, внутри - в алфавитном порядке.

При составлении указателя были использованы каталоги и картотеки научной библиотеки Западно-Казахстанского аграрно-технического университета имени Жангир хана.

Указатель рассчитан на ученых, магистрантов и специалистов сельского хозяйства, преподавателей и студентов, библиотечных работников. Отбор материала закончен в январе 2016г.

Профессор, экономика ғылымдарының кандидаты
Ә. Ш. Шамғонұлының өмірі мен іс-қызметі туралы очерк

Әскерғали Шамғонов 1941 жылы 30-шы қаңтарда Батыс Қазақстан облысы Қаратөбе ауданының Қалдығайты совхозы, Темірбек ауылында жұмысшы отбасында өмірге келді.

Балалық шағын елдің ең ауыр кезеңінде өткізген. Ә. Ш. Шамғонов бүгін елге танымалы ғалым, педагог, азамат. Әкеден ерте айрылып, шешенің тәрбиесінде өскен ұл, балалық шағынан ұстамды, тәртіпті болатыны қақ. Ел соғыстан жаңа шығып, тұрмыс тауқыметі ауыр-ақ болғанмен, әр отбасы балаларын оқытуға ұмтылды. Қоғамда да сондай тәртіп, талап болды. Әр қазақтың баласына әліппе танытып қана қоймай, орта, одан да жоғары дәрежеде білім алуға мүмкіндіктер жасалды. Әскерғали Шамғонов та елдегі осы үрдіс шеңберінде білімге, ғылымға ұмтылды. Бастауыш сыныптардан бастап – ақ жаяулап жалпылап жүріп 1957 жылы Қаратөбе орта мектебін үздік-күміс медалмен бітіріп, үлкен жолға түсті. Адам мүмкіншілігі алты жасар баланың басында сұрыпталып үлгереді деген тегін емес, тұрмыс ауыртпалығы біреуді қажытып мойытса, Әскерғали Шамғонұлы ел болашағына, өз мүмкіндігіне сенді.

1961-1964 жылдары әскер қатарында өз борышын өтеп, 1964 жылы Саратов экономикалық институтына оқуға түседі, бірақ отбасы жағдайына байланысты Батыс Қазақстан ауыл-шаруашылық институтына ауысады, «Ауыл шаруашылығындағы бухгалтерлік есеп» мамандығына қабылданады. 1967 жылы «Бухгалтерлік есеп және ауыл-шаруашылығы статистикасы» кафедрасы ашылып алғашқы 50 маман қатарында Ә. Ш. Шамғонов 1968 жылы үздік диплом алып шығады.

1960 жылдардың екінші жартысы, ауыл-шаруашылығы пайдасын ұлттық табыста қайта бөлу, ауыл-шаруашылық өніміне сатып алу бағаларын арттыру жөнінде реформалар басталды. Бұл реформаның маңызды элементі ауыл-шаруашылығын басқарудың әкімшілік әдістерінен демократиялық әдістерге көшу, сондай-ақ, шаруашылық есепті кеңінен негіздеу болды. Үкімет ауылшаруашылық саласын

дамудың принципіалды жаңа жолына көшіруді көздеді. Олай болса ауылшаруашылығы мамандарын дайындау үлкен саясатқа айналды. Арнайы оқу орындары ашылды, ғылыми кадрлар дайындау жүйесі қалыптасты.

Арнайы оқу орындары ғылыми-кафедраларға қат, сондықтан Ә. Ш. Шамғонов сияқты үздік студенттерді кафедраларға алып қалып, әрі қарай ғалым болып қалыптасуына жол ашты. Әскерғали Шамғонов 1968-1970 жылдары «Бухгалтерлік есеп және статистика» кафедрасында ассистент болып жұмыс бастап, 1971 жылы Волгоград ауыл-шаруашылық институт жанындағы арнайы аспирантураны бітіріп, 1973 жылы ғылым кандидаты дәрежесін қорғайды. Негізгі зерттелген проблема – ауылшаруашылық ұжымдарындағы қоғамдық қорларды тиімді пайдаланып, есепті ұйымдастыруды жетілдіру.

1973 жылы институтқа оралып, «Бухгалтерлік есеп және статистика» кафедрасында аға оқытушы, доцент, кафедра меңгерушісі болып жұмыс жасады. Ол кезде бұл мамандыққа 50 адам күндізгі бөлімге және сырттай бөлімге де осынша адам алынды. Кафедрада Вишневская А. П., Гришина С. Ф., Бисенов С. Х., Гринченко А. Ф., Айдарова А. Н., Шульманова Р. Н., сияқты маман кадрлар жұмыс жасады.

1974 жылы Ә. Шамғонов кафедра басқарған кезден бастап, кафедраның материалдық және оқыту әдістемелік базасы нығайып, өте жоғары деңгейде маман-есепшілер даярланды. Кафедра оқу-әдістемелік жұмыспен қатар ғылыми ізденістермен айналысты, бақылау мен есептің чектік формасын енгізу үшін келісім-шарт жұмыстарын атқарды. Орал, Атырау, Ақтөбе облыстарындағы ұжымдарға бақылаудың чектік формаларын енгізуде. Ә. Ш. Шамғоновтың басшылық ісі айта қаларлықтай. Жалпы бухгалтерлік есеп кафедрасында дәстүрге айналған адамгершілік, жанында жүрген әріптесіңді қадірмен құрметтеу, қажет болса әзіліңді де үйлестіре қолдану сияқты әмбебап құндылықтар Әскерғали Шамғоновтың үлгісінен дерсің.

1993 жылы экономикалық факультет құрамынан «Қаржы және бухгалтерлік есеп» факультет болып бөлініп шыққанда аймақтағы

білікті тәжірибелі ғалым Ә. Ш. Шамғонов декан болып тағайындалды. Факультет құрылымында «Бухгалтерлік есеп және аудит» (меңгеруші доцент Б. Г. Искакова), «Қаржы және несие» (меңгеруші доцент Г. В. Жирова), «Экономикадағы информациялық технология» (меңгерушісі доцент А. А. Айдаралиева) кафедралары негізінде:

070640- «Қаржы және кредит»

070740- «Бухгалтерлік есеп және аудит»

091340- «Экономикадағы информациялық жүйе»

541530- «Информациялық жүйе» (бакалавриат)

мамандықтары бойынша мамандар даярланды. Факультет деканы шаруасы бастан асып жатса да, Ә. Ш. Шамғонов ұжымды байсалды басқара отырып, әр-алуан озық әдістер мен тәрбие жұмысын ұйымдастыруда әдіс-кеңесін аямады. Он жылдан астам факультет басқару өзін де тұлға, әдіскер ретінде өсірді, шынықтырды. Факультет құрамындағы кафедра меңгеруші ғалым қыздарын өз туысындай құрметтеп, әлі күнге дейін қатты сыйлауда.

1981-1987 жж. Ә. Ш. Шамғонов институт, партия комитетінің хатшысы. 80 жылдар ел тарихындағы күрделі қайта құрулар кезеңі, партия тарапынан жұмыстың мүлде жаңа принциптері ұсынылуда, қоғамдық көзқарас, саяси белсенділік артуда, міне осындай өтпелі қайта құрулар кезеңінде Ә. Ш. Шамғонов институттағы қоғамдық саяси қызметтерді үйлесімді демократиялық әдістермен ұйымдастыра білді. Қоғамдық саяси белсенді тұлғалар қалыптасты, институт құрылымы басшылары даярланды

Ә. Ш. Шамғонов Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университет профессоры, 1996 жылы Жаратылыстану академиясының мүше-корреспонденті болып сайланды.

Профессор Ә. Ш. Шамғонов университеттегі 42 жылдан астам уақыт аралығында бухгалтерлік есеп мамандығы бойынша жоғары білімді кадрлар дайындауда жемісті еңбек етуде.

Профессор Ә. Ш. Шамғоновтың ғылыми басшылығымен 300-ге жақын дипломдық жұмыс, 2 аспирант кандидаттық дәрежедегі диссертация, 5 магистрлік диссертация қорғалды. Ол экономикалық

және бухгалтерлік есеп мәселелері бойынша 100-ден астам ғылыми және оқу-әдістемелік еңбектердің авторы.

Белсенді қызметі үшін ҚР білім және ғылым министрлігінің, ауыл-шаруашылығы министрлігінің құрмет грамоталарымен, жоғары білім беру саласындағы үздік еңбек белгісімен және облыстық, қалалық партия ұйымдары грамоталарымен марапатталды. 1982-1985 жж. Орал қаласы, Ленин аудандық Кеңестің депутаты.


Қандай ел болсын, оның азаматтарының патриоттық сана-сезімнің векторы елдік негізде болмақ. Ә. Ш. Шамғонов та ұлттық көзқарастары айқын, елім, жерім деп жүрген азамат.

Шамғонов Әскерғали Шамғонұлының өмір жолы

- 1941** 30 қаңтарда Қаратөбе ауданының Қалдығайты совхозы Темірбек ауылында дүниеге келген
- 1947** Крупская атындағы колхозда бастауыш мектепке барып, 1957 жылы Қаратөбе орта мектебін, кейіннен (Мұхит атындағы), күміс медалмен бітірді
- 1957** Қаратөбе ауданының Қаратөбе совхозында жұмысшы сосын есепші болып жұмыс істеді
- 1958-1961** Ақтөбе теміржол техникумын бітірді
- 1961-1964** Кеңес армиясы қатарында өз борышын атқарды
- 1964-1968** Батыс Қазақстан ауылшаруашылығы институтының экономика факультетінің «Бухгалтерлік есеп және шаруашылық қызметін талдау» мамандығын үздік дипломмен аяқтады
- 1969-1971** Батыс Қазақстан ауылшаруашылығы институтының «Бухгалтерлік есеп және статистика» кафедрасының ассистенті
- 1971-1973** Волгоград ауылшаруашылық институтының «Бухгалтерлік есеп» кафедрасының аспиранты
- 1973** Волгоград ауылшаруашылық институтында кандидаттық диссертация қорғады
- 1973-1975** БҚАШИ «Бухгалтерлік есеп және статистика» кафедрасының аға оқытушысы
- 1975-1981** осы кафедраның меңгерушісі, доцент
- 1981-1986** БҚАШИ партия ұйымының хатшысы
- 1986-1993** БҚАШИ «Бухгалтерлік есеп және аудит» кафедрасының меңгерушісі
- 1993-2004** БҚАШИ «Бухгалтерлік есеп және қаржы» факультетінің деканы

- 1996** Жаратылыстану ғылымдары академиясының
корреспондент мүшесі
- 2004-2007** Жәңгір хан атындағы БҚАТУ «Есеп және аудит»
кафедрасының профессоры
- 2008** Жәңгір хан атындағы БҚАТУ «Есеп және аудит»
кафедрасының меңгерушісі
- 2009** қазіргі уақытқа дейін кафедра профессоры

Әскерғали Шамғоновтың шежіресі



Арамыздағы асыл азамат

Тілекжан Рысқалиев,

философия ғылымдарының докторы,
профессор

Бүгінгі мерейтой иесі Әскерғали Шамғонов туралы бұрында айтыпта, жазыпта жүр едім. Менен екі жас кіші болсада, сөзіңде, ісіңдеірілігіне қарап, мен оны «Әсеке» деп кеттім. Әсекең жөніндегібір мақаламды мен «№1 Бухгалтер» деп атаған едім. Оны осылай атайтын жер жердегі шәкірттері. Ақтөбеде қызмет істеп жүргенімде Әсекеңнің әртүрлі деңгейде жұмыс жасайтын шәкірттерімен әлденеше рет кездестім. Бұл кісіні әңгіме қылдық. Сондағы шәкірттерінің бірі: «Әскерғали Шамғонұлы бізді кәсіби мамандыққа ғана үйретіп қойған жоқ, адамдыққа, адам болып өмір сүріп, адам болып қалуға үйретті» - деп айтып еді.

Жоғары оқу орнындағы күрделі мәселе - оқытумен тәрбиені ұштастыру. Бұл кез-келген оқытушының қолынан келмейтін тәсіл.

Әсекеңнің мамандығы, жарты ғасырбойы айналысып келе жатқаны кәсіби-бухгалтерлік есеп. Орта мектепті күміс медальмен бітірседе бірден оқуға түсуге мүмкіндігі болмай, бірер жыл совхозда есепші болып қызмет істейді. Сөйтіп, оның болашақта кім болатыны өзінен – өзі анықталады. Экономика немесе бухгалтерия. Әскер қатарында болып өз борышын өтеп келгеннен кейін Саратов экономикалық институтына түскенмен семья жағдайына байланысты Оралдағы ауыл шаруашылық институтына ауысып 1964 жылы экономика факультетіне қабылданады. Сол кезден бастап Әсекеңнің өмірі, қызметі, жетістігі, мақсат – мұраты Батыс Қазақстан ауылшаруашылық институтымен, қазіргі Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық – техникалық университетімен тығыз байланысты.

Бухгалтерлік есеп мамандығын игергендер өмір бойы ақшамен жалақымен жұмыс істейдіғой. Әсекең шәкірттерін мамандыққа ғана емес, адамдыққа үйреткенде олардың болашақта жемқорлыққа, паракорлыққа салынып кетпеуін ойласа керек. Ыбырай Алтынсарин өзіне қамқор тілеулес болған ұстазы Н. И. Ильинскийге жазған бір хатында мектеп ашып, балаларды зор ынтаменоқыта бастағанын айтып: «кейін паракор болып шықпаулары үшін оларға адамгершілік жағынан әсер етуге де бар күшімді салып отырмын деп жазған еді». Әсекеңде ұстаздық қызметін де осыған баса көңіл бөлетін болды.

Гуманитарлық саланың өкілі ретінде мен экономикалық, бухгалтерлік мамандықтар жөнінде ойлайтын едім. Бұлар ең қызықсыз, адамды жалықтыратын пәндер болар деп, жоқ Әсекеңмен оның әріптестерімен, шәкірттерімен әңгімеле қалсақ Әсекеңнің дәрістері, сабақтары студенттерді бастан аяқ баурап алатын ең қызықты өнер екендігіне көзім жетеді. Әсекеңнің сабақтарында білім де, ғылымда, теория да бар. Сонымен бірге тәжірибе, адам туралы, өмір туралы, мамандық туралы әзіл шыны араласқан әңгіме дүкен де бар. Әсекеңнің әріптестерінің, жолдастарының, таныстарының арасындағы абырой беделі неге байланысты десеңіз мен айтар едім: адамшылығына, қарапайымдылығына, байсалдылығына, түрленбейтін бірбеткейлігіне, өзіне-өзі сенімділігіне бәрінеде болсын дейтін кең пейіліне байланысты деп. Оның айналасында қайда болсада кіммен болсада үйлесімді климат (аура) орнай қалады. Онымен жолдас, дос болу біздерге бақыт, өмірде кездескеннен сәттілік сияқты болады да тұрады.

Әсекеңнің ұстаздық ісіндегі ғылымдағы жетістіктері жөнінде бәрі біледі, айтылыпта, жазылыпта жүр. Мен оған тоқталып жатпадым. Өмірде қиындықтар келеңсіз жайттар болмай тұрама? Әсекеңнің басында да олар орын алды. Соларды еңсеруіне, соларға қарамастан Әсекеңнің өзіне тән ұстаз, өзі де ғалым, бәрімізге де жақын сыйлас жан, жары Хамида Ихсанқызы. Хамиданың қасында, Хамиданың арқасында Әсекең кейде дана, кейде бала болып еркелеп кетеді. Хамида оны Әсекеңнің анасындай, өзінің баласындай күтеді.

Әсекең мен Хамиданың арасындағы балалары – Асқар мен келінінің, Дана мен күйеу баланың, немерелердің арасындағы осындай келісім, осындай үйлесім жалғаса берсе екен. Әсекеңнің жасына жас қосыла берсе екен деп тілеймін. Әсекеңнің үлкен немересі Ернар да ата жолын қуып «экономист-финансист» мамандығын таңдады. Ол тура ата баласы байсалдылығы, асықпай әріден ойлап, онды шешім іздейтін қасиеті атасынан аумайды.

Ата жолы – ұрпақ жалғасы деген осындай болар демекпіз!

Қадірлі азамат, ұлағатты ұстаз, ғалым

Б. Б. Траисов,

ауыл шаруашылығы ғылымдарының
докторы, профессор

Ақжайық өңірі қашанда даналар мен таланттарға, билер мен батырларға кенде болған емес. Тек өз өлкемізде ғана емес, күллі республикаға танымал жайсаңдарымыз қаншама. Осындай өрісі биік, ел мақтанышына айнала білген тұлғаның бірі - экономика ғылымдарының кандидаты, профессор, ғалым, ұстаз Әскерғали Шамғонұлы Шамғонов биыл 75 жасқа толып отыр. Осы мерейлі жасына байланысты танымал тұлға, жайсаң жан туралы сөз қозғап отырмын.

Әскерғали Шамғонұлы Шамғоновтың өмір жолы өзі қатарлы білім құмар қазақ жастарының тағдырымен өте ұқсас десек, әсте жаңылыса қоймаспыз. Ол Батыс Қазақстан облысы, Қаратөбе ауданының Темірбек ауылында жұмысшы отбасында 1941 жылы 30-шы қаңтарда өмірге келді.

Киелі Қаратөбе топырағында туып-өскен Әскерғали Шамғонұлына табиғат –ана сергек көңіл, ұшқыр қиял, нәзік сезім, темірдей төзім берген деп ойлаймын. Балалық кезі еліміздегі ең қиын, ауыр кезеңде өтті. Оқу-білімге деген құштарлық арманына талмас қанат бітіріп, 1957 жылы Қаратөбе орта мектебін үздік-күміс медальмен тәмамдайды.

Мектептен кейін 1964 жылға дейін әскер қатарында өз азаматтық борышын орындады. Әскер қатарынан оралған соң Орал қаласындағы жаңадан ашылған ауыл шаруашылық институтының экономика факультетіне оқуға түсіп «ауыл шаруашылығындағы бухгалтерлік есеп» мамандығы бойынша білім алып шығады.

Ә.Ш.Шамғонов алғашқы студенттік күндерінен бастап-ақ ғылым, білімге деген құштар көңілімен ерекше дараланып, көзге түсіп, өзінің оқыған институтына жұмысқа алынды. Кейін Волгоград қаласындағы ауыл шаруашылық институтының аспирантурасын бітіріп кандидаттық диссертация қорғады.

Әскерғали Шамғоновтың бүкіл ғұмыры, өсіп жетілуі бұрынғы Батыс Қазақстан ауыл шаруашылық институты, қазіргі Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетімен тығыз байланысты. Экономика факультетінде ассистент, аға

оқытушы, доцент, кафедра меңгерушісі, декан, институттың партия ұйымының хатшысы лауазымына дейін өсті, профессор атағына ие болды.

Университетте жоғары білімді, білікті маман даярлауға үлкен үлесін қосты. Қаржы мамандығы бойынша Ә.Шамғонұлынан білім алып шыққан мамандар еліміздің түкпір-түкпірінде әртүрлі деңгейде қызмет атқаруда. Екі ғылым кандидатын, бірнеше магистр даярлап шығарды. Профессор Ә.Шамғонов көптеген ғылыми, оқу-әдістемелік еңбектердің авторы.

Ағамыз өзінің қабілеттілігімен, ізденімпаздығымен, қажырлы еңбегінің арқасында елге танымал ғалым, ұстаз, азамат болып қалыптасты. Ә.Шамғонұлы қазірде ұстаздық, тәлімгерлік қызметін әлі де жалғастыруда.

Қай кезде де адамды бақытты ететін отбасы десек, бұл ретте профессор Әскерғали Шамғонұлының өмірлік сыңары бола білген Хамида Ихсанқызы отбасында шектеліп қалмай, ғылыммен де айналысқан ұстаз, тарих ғылымдарының кандидаты болып, студенттерге осы күнге дейін білім беруде.

Құрметті Әскеғали Шамғонұлы қайырлы жасыңыз болсын! Денсаулығыңыз мықты болып, жұбайыңыз Хамида Ихсанқызымен бірге балаларыңыздың, немере-жиендеріңіздің ортасында және әріптестеріңіз бен студентердің сый – құрметіне бөленіп ұзақ жасай беруіңізге тілектеспіз.

Цельность, как крепкое человеческое качество

З. Мухлисова

Разговор об Аскерғали Шамгоновиче Шамгонове – это особый разговор, и это дозвоительно, я надеюсь, исключительно в юбилейные дни. Человек, с мягкой улыбкой, отвергающий пустые, трескучие фразы и славословие, ставит перед собой некую незримую черту – «нельзя это, нехорошо, нескромно и т.п.».

Я друг семьи Шамгоновых и дружила с ними более 30 лет. Это огромное время, в которые мы наполняем свое окружение товарищами, приятелями, коллегами, друзьями. О как несовершенен человеческий род (будем самокритичны) и ты сам! В одно прекрасное утро встречаешься с ложью, лицемерием, ханжеством, тщеславием. И, как-будто, в первый день творенья, поражаешься тому, что от

этого человека ты этого не ожидала. В такой ситуации легко можно прийти к цинизму и мизантропии. Но жизнь мудра и справедлива, поскольку есть такие люди как Аскергали Шамгонов. Выходец из Каратюбинских песков он впитал не совковую, а подлинно казахскую мораль и нравственность. Будучи большими практикаками и людьми часто находящимися в экстраординарных случаях (джут, буран, безводье, наступление врагов) номады всегда смотрели вглубь вещей – а что ты можешь? Быть искусным наездником, воином, ремесленником, акыном или острословом. Поэтому когда выбирали бия или старшину рода существовал принцип меритократии (выбор достойного).

Вот таким достойным человеком является Аскергали Шамгонович. Окончив среднюю школу, он становится в Уральской области одним из первых кандидатов экономических наук и более 40 лет работает в одном вузе–Западно-Казахстанском аграрно-техническом университете имени Жангир хана. Он был заведующим кафедрой, деканом, парторгом института. Парторг – это категория особая. В парткоме разбирались и организационные, и научные споры, а порой склоки и дисциплинарные нарушения. Аскергали Шамгонов не был здесь на особом пьедестале, он по справедливости решал множество сложных вопросов, причем без лишней экспансивности и фанатизма. Все это принесло ему большой авторитет среди коллег. Ведь люди могут ошибиться или обольститься Один-два раза, но постоянно человечество не обманешь. Здесь существует гамбургский счет. Выражение это пошло с XIX века, когда в Гамбурге собрались лучшие борцы мира, не было никого официального соревнования, чемпионата, судей. Спортсмены боролись друг с другом и сильнейший признан как лучший во всем мире.

Если судить по гамбургскому счету А. Ш. Шамгонова, то это один из порядочнейших, честнейших, скромнейших людей в нашем обществе.

Кстати, о скромности: у Аскергали Шамгоновича много наград, благодарственных писем, грамот, но свои достоинства он никогда не выпячивает. А ведь мы являемся

свидетелями, когда некоторые особы поднимают свой имидж до небесных вершин, готовые лопнуть от своего тщеславия. Прав был наш пророк Абай, когда писал:

**Я, разум помолвит,
плоть скажет: мое
различно у плоти с душой битие,
бессмертное «я» никогда не умрет,
«мой» - это только земное житье.**

Личность Шамгонова связана с его многолетним, непоколебимым авторитетом, профессионализмом, ровным и спокойным характером. Когда видишь таких людей, то понимаешь, что жизнь в принципе справедлива, что есть традиции благородства и его продолжатели, что ночь завтра сменится днем, а зло будет побеждено добром.

В жизни у А. Ш. Шамгонова были трудности и субъективного и объективного характера: смерть близких людей, крушение той системы, котрой он беззаветно служил. Будучи спокойным человеком, Аскергали Шамгонович, в то же время очень принципиален. Он искренне поверил в перестройку, он видел, как экономист, все пороки командно-административной системы. Не случайно, будучи в Москве слушателем курсов повышения квалификации и не являясь гражданином РСФСР он проголосовал за Ельцина. Но политический идеализм, как и у всех нас, быстро прошел, когда страна столкнулась с невероятными трудностями, возникшими и по таким субъективным причинам как политическое честолюбие.

Аскергали Шамгонович земной человек, в минуты отдыха он играет на домбре и поет народные казахские песни, он фанатик футбола, обожает своих внуков. В целом – это гармоничный человек, который сбалансировал свой интеллект свою эмоциональную жизнь.

В день юбилея хочется пожелать Аскергали Шамгоновичу крепкого здоровья, благополучия в семье и хочется, чтобы еще долгие годы мы общались с ним и получали, ту теплоту, которая присуще только ему. Крепко Вас обнимаю.

Қаратөбе жерінің ел таныған азаматы

А. М. Қазамбаева,
Жәңгір хан атындағы БҚАТУ-ң
Экономика және бизнес факультетінің деканы

Ұстаз болу - жүректің батырлығы,
Ұстаз болу - сезімнің ақындығы,
Ұстаз болу - мінездің күн шуағы,
Азбайтұғын адамның алтындығы.

Ұстаз - ұлағатты есім. Әскерғали Шамғонұлының шәкірттерін білім нәрімен сусындатып, тәлім - тәрбие беру, жақсы қасиеттерді бойына дарытып, адамгершілік рухта бағыт - бағдар берудегі еңбегі өте зор. Сондықтан да ол университетімізден білім алып, жұмыс жасап жүрген мамандардың есінде білімді ұстаз ретінде қалыптасқан ерекше тұлға.

Ғылым иесі ғалым да, ел қорғаған батыр да, тілінен бал тамған ақын да, тегеуріні темір балқытқан жұмысшы да, егін салып, мал бағып, терін төккен шаруа да, көкті шарлаған ғарышкер де, бәрі - бәрі ұстаздан білім үйреніп, тәлім алған. Қазіргі таңда Әскерғали Шамғонұлынан білім алған мамандар халық шаруашылығының әртүрлі саласында бас есепші, бас экономист болып жұмыс жасап жүр. Сонымен қатар профессор Әскерғали Шамғонұлының ғылыми басшылығымен 300 астам дипломық жұмыс, 2 аспирант кандидаттық дәрежедегі диссертация 5 магистрлік диссертация қорғалды.

Әскерғали Шамғонұлы әр баланы жатсынбай жастайынан баурап, олардың экономикалық сауатын ашып, болашаққа жол көрсетіп, маңдайыңнан сипайтын адам. Профессор Әскерғали Шамғонұлы студенттерге дәріс оқуда, практикалық сабақтарды жүргізуде немесе дипломдық жұмыстарға жетекшілік жасауда әрбір студентке бухгалтерлік есеп жөніндегі негізгі мәселелерді жеткізуге тырысады.

Әскерғали Шамғонұлы жайлы айтылар сыр да, жыр да көп. Ел ертеңі болып табылатын мамандардың бойына білім мен өнерді, адамгершілік пен адалдықты, туралық пен шыншылдықты, рухани

байлық пен ұлттық қасиеттерді сіңіріп, оларды тұлғалы азамат етіп қалыптастыруда Әскерғали Шамғонұлының үлесі орасан мол. 1991-2004 жылдар аралығында «Бухгалтерлік есеп» факультетінің деканы болып жұмыс жасау кезінде, білікті профессор-оқытушылар ұжымын құруда, студенттердің қажетті деңгейде білім алуын және олардың рухани байлығын қалыптастыруда көп еңбек етті.

«Құмдағы өскен кеше қара домалақ –

Шындағы өскен бүгін қазақ шынары» - деп ақын жарлағандай бүгінгі күні Әскерғали Шамғонұлының батыс өлкесіне білікті де, білімді мамандарды дайындаудағы еңбегі зор. Сізге зор денсаулық, қажымас қайрат, немере-жиендеріңіздің қызығын тойлап, арамызда асқар таудай болып жүре беріңіз дегім келеді.

Ақсақал Төраға

Н. Ж. Төлепов,

Жәңгір хан атындағы тарихи-этнографиялық музейінің меңгерушісі,
«Нұр Отан» партия Орал қалалық филиалының Саяси Кеңесінің
мүшесі,
«Жиһангер» бастауыш партия ұйымының төрағасы.

Университеттің 40-жылдық тарихын қамтитын музейді жасақтауға кіріскен кезде жәдігерлер іздеп, фотодеректер жинай бастадым. Солардың бірінде, 1968 жылғы Экономика факультетінің тұңғыш түлектері қатарында Шамғонов А. - деген жазуы бар фотосуретке елең ете қалдым. Әу! Әскерғали Шамғоновты кім білмейді, өлке түгел елге танымал тұлға. Шет елді айтпай-ақ қояйын, елдің мақтанышы Батыс Қазақстан ауылшаруашылық институтінің абыройын асқақтатқан, тұңғыш түлегі. Өмір жолындағы еңбек жолы тек қана өзі оқыған институт, дами келе университет дәрежесіне көтерілген оқу орнымен біте қайнасып келеді. Ең құндылығы 1963 жылы ашылған жоғары оқу орнының өсу тарихында студенттер арасында және оқытушылар ұжымы ортасында қалыптасқан дәстүр мен сыйластықты шайқамай, төкпей ұстап келген шамшырағын, қарым-қатынас игілігінің ұрпақтан ұрпаққа дегендей, жаңа буынға табыстап отырған шырақшы сынды қариямыз деп білемін.

Университеттің салт-сана дәстүрінің сақтаушысының бірі емес, бірегейі.

Еңбек жолының қатпарларын замандастары жазатыны айдай анық, жағаласпай-ақ қояйын, бірақ бірі анық: **«Жарадың! Сенімді ақтадың!»** - деп ата-анасы мен қатар **«Алғашқы қоңырауға»** шашбауын үкілеп көтеріп барған аяулы бауырлары мен алғаш Ұстазы, мектептің оқытушылар ұжымы мен қоғамдық ұйым жетекшілері айтары хақ! Атқа қону бар да, атқамінер болу екінің-бірінің қолынан келе бермейтіні өмір-өзеннің аксиомасы. Атқамінер болу бар да, ел ұйытқысы болу киынның қиыны. Елді аузына қарата алмасаң, сөзінді өткізе алмасаң, яғни елдің тыныштығын сақтай алмасаң бәрі бекер. Батағой ақсақалдардың **«Елің тыныш, аспаның ашық болсын!»** деп аяқталатын батасы қарапайым көрінгенімен, астарында ұшаңтеңіз ақыл-парасат жатыр. Ақсақалдардың батасын желге ұшырмай, киесі мен қасиеттің аяқ асты қылмаудың тек қана бір ізі, тек қана бір тайғақ жолы бар. Ол, үлкен абырой, оның аты: **«Ел ұйытқысы болу»** және осы атауға Әскерғали Шамғонұлы лайық екенінің өз беделімен дәлелдегенінің бір қыры, сол кездегі ірі партия ұйымының хатшысы ретіндегі жұмысы да жемісті болуы. Бір емес екі дүркін сайлануы ағамыздың бойындағы адал адами қасиеттерін, саяси сауаттылығы мен терең дүниетанымын және қоғамдық жұмысты адал атқарып, басқарған ортада үйлесімді моральдік ахуал орната білуі, ортақ мүдде қалыптастыруы жоғары бағалануы деп түсінемін.

Кейіпкердің өзіне сөз берелік, ол Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетінің Ардагерлер бастауыш ұйымының есеп беру жиналысында Ардагерлер Кеңесінің төрағасы ретінде есептік баяндамасында осылай өрбіткен болатын: **«Жас өспейме, жарлы байымай ма»** дегендей, жоғары оқу орнын негізін қалаған ұстаздар, өз ізбасарларын студенттер арасынан сұрыптап, оларды тәрбиелеп, ұжым болашағын жастарға тапсыра бастады.

Мысал ретінде айтайын, ойлап қарасам алғашқылардың қатарында менде бар екем. Міне, осылай 1963-1968 жылдары аралығында экономика факультетін тәмәмдаған тұңғыш түлек, енді ассистент, оқытушы, аға оқытушы, аспирант, доцент, профессор, кафедра меңгерушісі, факультет деканы сыңды сатылардан өтіп, міне бүгін Сіздердің алдарында университеттің Ардагерлер Кеңесінің төрағасы ретінде есепті мерзім ішінде атқарылған жұмысы жөнінде есеп беріп тұрмын.

Осылай кезең-кезеңімен ұрпақ буыны ауысу заңдылығы сақталып келеді. Адал еңбегіміздің нәтижесі көз алдымызда, біздің басты мақтанышымыз университеттің түлектерінің қатарында ғылым докторлары Қ. Бозымов, Б. Траисов, Г. Молдашев, Е. Насамбаев, Б. Нуралин, В. Вьюрков, Н. Ғұбашев, Р. Габдуалиева, Б. Насиев және ғылым кандидаттары Р. Джапаров, Е. Аринкин, М. Ғабдулов, Д. Төлегенова - сынды ғалымдар оқытушы қызметін арқаланып, жастарды ғылымға баулу бағытындағы ардагерлердің ісін жалғастыруда» - деген болатын.

Қазіргі заманда техника және экономика тілі, яғни терминдерге келгенде шорқақтау болса да, Атам Қазақ адамның өсу мезгілін әр кезеңдерге бөліп, бұл мезгілдерді жеке-жеке атаулармен атаған.

Айтайын дегенім, Азан шақырғанда Әскерғали атанған шақалақ, кейін бөбек, бүлдіршін, балдырған, бала, ойын баласы, ересек бала, бозбала шағына жеткенде де, 20-30 жас аралығында – жас жігіт, содан кейін дүр жігіт, аға, еркек, ер түлегі, отағасы, әке, жігіт ағасы, қарасақал болғанда да Әскерғали Шамғонұлы бір қалыпты, салмақты, өнегелі, сыйлы Азамат, Ғалым, Ұстаз да үнемі Декан болып, өсіп жетілген сияқты маған. Арғы бабаларымыз сияқты әрдәйім – сақ, көреген, сөзге шешен, сөз сырын ұққан қәдімгі шығыс дипломаты сынды, өзі салиқалы да өткір сөзімен талай пендені пәле-жәле құтқарған болар....

Ал, қазір ше?! Міне, бүгін төрде отырған ақсақал биігін бағындырған Әскерғали Шамғонұлы! Ақсақал болғанда қандай дейсің ғой - Ақсақалдардың Төрағасы!

1941 жылдың 30 қаңтарында дүниенің есігін ашқан нәрестеге Әскерғали деп ат қоюдың өзінде бір тілек-арман ойдың түбінде жатқанынан сыр шертіп тұрғандай. Азан шақырып қойарда Әскерғали есімді таңдау Ата-Анасының, ағайындарының ішкі ойы әскердің үздік, білімді, оқымысты маманы болса екен деп армандағандай. 1939 жылы соғыста ғайып болған ағайының хаттарынан болар хабардар болып отырған Әскерғалидың әкесі Шамғон, қарапайым колхозшы бола тұра табиғи түйсігі ашық, көреген, алдын болжай білген тұлға болса керек. Елді көп ұзамай алда қатерлі сын күтіп тұрғанын сезген ол, өзінің сенім артқан ұлы кәсіпқой әскери қызыметкер, «ғали» тіркесі оқымысты да сауатты әскери офицер болсын деген ойы болар деп болжауға болады. Міне, Шамғон атамыз сол заманның тілімен айтқанда сауатсыз малшы деп

есептелгенімен, бірақта, табиғи білімі, қазақи тәрбиесі арқасында талай беделді атқамінерлерден озық тұрған адам болғаны көрініп тұр. Ұлын Әскерғали атау арқылы «**Ойлан, Қазақ!**» алдындағы сұрапыл соғыстан тек сауатты да шебер әскерлер ғана елді аман алып шығады, уақытты оздырмай әскери жаттыққа шыңдану керек деген ойын бұқараға жеткізу осындай жолын таңдаған.

Сондықтан Шамғон Атамыз қандай адам еді өзі деген сұраққа, сенім артқан ұлы Әскерғали ардагеріміздің бойындағы адами қасиеттер әкесі Шамғон атамыздан дарыған деп білемін.

Ақсақал дүниеге келген Темірбек ауылында бізде бір кезде, нақты айтсақ 1976 жылдың жаз айында студенттік құрылыс отряды құрамында болғанда, Темірбек аулының азаматтарының кең пейілдігін, қазақи мінез-құлқын сонда көргенбіз. Ауа-райы шұрайлы, жер мен суы мал бағып өсіруге қолайлы өлкеде дүниеге келген Әскерғали Шамғонұлының әкесі малшы болса, анасы колхоздың жиырма бас сиырын бағып-күткен сауыншы болған екен.

Менің Ақ-мамам, біз Зағи әжемізді осылай атап өстік, олда сауыншы болған Темірбекке шекаралас Жымпиты ауданының Жетікөл колхозының Қарақұдық бөлімшесінде. Бір әңгімесінде, сол қиын заманда, әкем Жолдығалиды бұзау тартуға көмектес деп апарып, сиырдың үш емшегін бұзауға бір емшегін колымен бөліп тұрып баласына береді екен. Ия, адамнан асқан айла жоқ шығар, әсіресе Ананың ұрпақ өсіру, жетілдіру жолында. Әскерғали Шамғонұлының аяулы Анасы Жәмиля әжемізде де осындай әдістердің бірі болған болар деп ойламын. Себебі, ыдысқа құйып берсең шатыласың, жауапқа тартыласың. Ал, осындай қатандығы мен қиянаты бір кезде болған қоғамға, сол кезде тұрмыс-тіршілігі қандай қиын болса да, өткенге салауат, болашаққа аманат деп, дүниеге парасаттылық көзқарасы мен болашаққа сеніммен қараған ардагер Әскерғали Шамғонұлы біз үшін рухани жетекші, өмірде бой түзейтін үлгілі тұлға.

Үйренеріміз көп, берері мол қария бойындағы бізді сүйсіндіретін мынадай қасиеттер: көпшіл, үрейге жол бермей қандай болмасын қиын мәселені ақыл-оймен пішіп, аспай-саспай шеше білуі, байыпты, тура болса да әділ де шыншыл, адамды сыйлау, адамға сенім арту, түсіне білу, қол ұшын беру, әдептілігі мен мәдениеттілігі, өнері деп одан әрі жалғастыра беруге болады.

Қазақ даналығы бойынша өсірген ұл-қызын қалайда ата-анасына тартады екен, сондықтан ата-анада ғұмыр бойы өзін-өзі тәрбиелеу

қажет, ал осы жолда біз үшін ақсақал төраға Әскерғали Шамғонұлының өмірде терген-жиғаны таптырмас қазына, «Ауылыңда қартың болса, жазып қойған хатпен тең ... деген қазақтың салықалы ойы осы болар.

Ұзақ ғұмыр тілейміз! Мерейлы жасыңыз құтты болсын!

ҚҰРМЕТТІ ӘСКЕРҒАЛИ ШАМҒОНҰЛЫ!

Р. С. Габдуалиева,

Сіздің студентіңіз, 1989 - жылдың түлегі,
экономика ғылымдарының докторы, профессор

Шын жүректен 75 – жас мерейтойыңызбен құттықтаймын және бар жақсы тілектерді тілеймін. Сізге денсаулық, қажымас қайрат, жақын – туыстарыңыздың түсінушілігін және әріптестердің құрметін тілеймін. Бейбітшілік пен мейірімділік!

Сіздің біліміңіз, іскерлігіңіз, тәжірибеңіз, ең күрделі жағдайларда оңтайлы шешімдер қабылдап, одан әрі біздің өлкеміздің әлеуетін дамытуға көмектесетініңізге сенімдімін.

Өмір – өмір сүрген жылдармен ғана емес, ең алдымен, адамның қандай әрекет жасағандығымен өлшенетіндігінің жарқын дәлелі, Сіз өз кәсіби өміріңізді Alma mater-ңізге арнап, мақтан тұта аласыз. Сіз қарқынды түрде ассистенттен доцентке, одан әрі профессорға, кафедра меңгерушісінен, Есеп және экономика факультетінің деканына, Жәңгірхан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетінің, құрметті ардагерге дейін жеттіңіз.

Алдыңғы қатарлы қазақстандық ғалымдардың, тамаша педагогтің, ғылым және оқу үдерісін талантты ұйымдастырушы тұлға ретіндегі қасиеттеріңізге уақыт әсер етпейді. Олар сіздің көптеген оқушыларыңыздың, әріптестеріңіздің және достарыңыздың арасында әрқашан терең құрмет тудырады.

Құрметті Әскерғали Шамғонұлы, туған күніңізге арналған тілектерімді қабыл алыңыз! Шын жүректен мықты денсаулық, әйгілі спорттық энергияңызбен жеңіске деген ұмтылысыңызды әрі қарай сақтауға тілектеспін! Жақсы көңіл-күй, отбасылық жылу мен береке-бірлік тілеймін!

Игі ниетпен және ішкі жан толқуыммен мерейтойыңызбен құттықтаймын!

Сіздің барлық мақсаттарыңыз орындалсын, жұмысыңыз қанағат әкеліп, әрбір күніңіз жаңа жетістіктермен және жеңістермен қуантсын.

ТҰЛҒАТУРАЛЫ СӨЗ

З. П. Айдынов,
С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық
университетінің аға оқытушысы,
экономика ғылымдарының кандидаты

Тегінде дүниедегі ең оңай нәрсе ол адамға баға беру, ал ең қиыны адамды танып білу. Жарықтық Қадір Мырза Әли адам дүниенің ең басты жұмбағы деп айтып кетіп еді. Бірақ адамды бағалау мен сипаттау күн тәртібінен түспейтін мәселе. Адамды бағалауда қателеспеген адам кемде кем, ал енді оны бір көргенде танып білу мыңның біріне қонатын қасиет.

Әскерғали Шамғонұлына баға беруден аулақпын, себебі ол ендігі бағаланып қойылған адам. Ол осы өңірімізде кеңінен танымал тұлға. Ал тұлға туралы пікір білдіру әсте артық болмас. Философиялық тұрғыдан тұлға деп айшықты ісі, өзіндік пікірі бар, айналасындағы адамдарға ықпал ететін, жауапкершілікті мойнына ала білетін адамды айтады. Оның қалыптасуына мамандардың айтуынша негізінен үш фактор: гендік түп, алған білімі және еңбек ететін орта әсер етеді.

Гендік түп қазақшалағанда ата-ана немесе үрім-бұтақ деген сөз. С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінің доценті, техника ғылымдарының кандидаты, Әсекеңнің ауылдасы әрі замандасы Әндеш Бақытжанұлы Әбдірахмановтың айтуынша Әсекеңнің ата-анасы елге сыйлы әрі жайсаң адамдар болған. Оның анасы Жәмилабіреуге болсыншы деп тұрған адам еді дейді Әндеш ағай. Ал Әсекеңнің ағасы Төлеген ауылдағы алғашқы жоғары білімді ауыл шаруашылығының инженері болған. Өткен ғасырдың 50-60 жылдардағы жоғары білімді маман ауыл түгілі ауданда некен-саяқ болды. Осыдан Әскерғали Шамғонұлының тегі білімге ұмтылған қабілетті адамдардың ортасы болғанын байқауға болар еді. Ал анасының біреуге болсыншы деген қасиетін Әсекеңнің бойынан

мен жұмыс барысында талай рет көрдім. Оның қадірлігінің бір ұшы осы ерекшелігінде жатыр.

